ЕСІМШЕ

Есімше - етістіктің ерекше түрі. Есімше сөйлемде екі түрлі мәнде, екі түрлі қызметте қолданылады. Бірде жіктеліп келіп, қимылды, іс-әрекетті белгілі бір шаққа байланысты білдіреді де, сөйлемнің баяндауышы қызметін атқарады.

Есімше етістіктің негізгі және туынды түбірлеріне, сондай-ақ етіс және болымсыз етістік тұлғаларында төмендегідей жұрнақтар қосу арқылы жасалады:

1.-қан, -кен, -ған, -ген жұрнақтары арқылы өткен шақ есімше жасалады: ал-ған, көр-ген, берме-ген, айт-қан, көрсет-кен, жүргіз-ген т.б.

2.-ар, -ер, -р және болымсыз етістіктен кейін -с жұрнақтары арқылы болжалды келер шақ есімше жасалады: бар-ар, көр-ер, айт-ар, сөйле-р, жүргіз-ер, берме-с, көрме-с, айтпа-с т.б.

3.-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек жұрнақтары арқылы мақсатты келер шақ есімше жасалады: бар-мақ, кел-мек, қара-мақ, сен-бек, жаз-бақ, кет-пек, жарат-пақ т.б.

4.-атын, -етін, -йтын жұрнақтары арқылы өткен шақ есімше жасалады: бар-атын, кел-етін, қара-йтын, сөйле-йтін т.б.

Есімше тұлғаларына емес, жоқ сөздері тіркесіп, болымсыздық мағына беріледі: барған емес, барар емес, бармақ емес, жоқ сөзі -ған, -ген, -қан, -кен тұлғалы есімшемен ғана тіркеседі: барған жоқ.